

мақтан етуге тиістіміз. Ұлы тұлғаның мына сөзі барлық ісіне дәлел болғандай: «Қазақ халқы фанатизм сырқатынан аулақ, оның талабы біреулер салып берген сүрлеуге сыймайды: халықтың ой-пікірі еркін, келешекте сана-сезімін көтере түсу үшін жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр». Ұлы ұстаздың бұл арманы қазір іске асты. Оған – бүгінгі педагогиканың болмысы куә, заман куә.

Жан-жақты талант иесі Ыбырай есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Ол арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән-маңызы мен қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай өзінің шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Әдебиеттер тізімі

1. **М.Мамажанов** «Асыл мұра», / Алматы, 1993 ж.
2. **Е.Ысмайылов** «Әдебиет жайлы ойлар» / Алматы, 1968 ж.
3. **Ж.Кобдикова** «Деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясы», Республика Ұстаздары, 28 желтоқсан 2004 ж.
4. **Б.Қадірова** «Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру жолдары», Қазақ тілі мен әдебиеті, 2/1994 ж.
5. **М.Әуезов** «Ы.Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері», Уақыт және Әдебиет / Алматы, 1950 ж.
6. **Ә.Сыздықов** «Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» / Алматы, 1969 ж.

УДК 37.017

ЫБЫРАЙ МЕКТЕБІ

Сүйінкина Б. Б. – арнайы пәндер оқытушысы, Қостанай педагогикалық колледжі, Қостанай облысы.

Мақалада ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің қазақ жерінде білім беру саласының негізін қалаған ізашар, бастамашыл тұлға екендігі; оның педагогикалық тәжірибесінде кейінгі ұрпақ өкілдері – мұғалімдерге – өнеге боларлық, сабақ аларлық ұстаздық мектеп қалыптасқаны туралы, оның мұрасының мәңгілік өшпес құндылық саналатыны сөз болады.

Кілт сөздер: ағартушы, педагог, мектеп, мұғалім, білім, тәрбие, құндылық, тәжірибе, ұстаздық мектеп.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметтегі тәжірибесі өміршең, қашанда өзекті болып қала бермек. Неге десеңіз, ұлы ағартушы мұрасы – мән-маңызын жоғалтпайтын, әлі де ғасырлар бойы бағыт-бағдар сілтейтін баға жетпес құндылық. Сондықтан Ыбырай тағылымынан нәр ала отырып, ұстаздық ету қай заманда болсын, өз жемісін берері анық. Ыбырайша еңбек ету үшін, оның өнегесін басшылыққа алған абзал деп санаймын.

Ұлы ұстаз мұрасын ширек ғасырдай уақыт бойы зерттеп, зерделей жүріп, оған қатысты жазған мақалаларым «Қазақстан мектебі», «Білім-Образование», «Қостанай таңы», «Білімді ел-Образованная страна», «Егемен Қазақстан» және т.б. басылымдарда жарық көрді. Сол мақалаларым мен түрлі деңгейдегі конференцияларға арнап жазған баяндамаларымның басын біріктіріп, 2017 жылы баспаға әзірлеген кітабымды «Ы.Алтынсарин-кәсіптік білімнің негізін салушы» деп атадым. Ыбырай мұрасына үңілген сайын, ұлы ұстазды жаңа бір қырынан танығандай боламын. Қазақтың тұңғыш педагогінің білім беру саласындағы қызметін тағы бір мәрте саралай отырып, енді, міне, оның мұғалім, тәлімгер, әдіскер ретіндегі тәжірибесін ұлы ұстаз мектебі деп атауға болатынын пайымдадым. Мұндай тұжырым жасауым, әрине, негізсіз емес.

Ыбырайдың ұстаздық мектебі дегенде, әдетте қолданыстағы «аударма мектебі», «өмір мектебі» секілді тіркестер тілге оралады. Мұндағы «мектеп» сөзі ауыспалы мағынаны білдіреді. Анықтамасына жүгінер болсақ, мәнісі былайша тарқатылыпты: «Бір нәрсені үйреніп шығу, тәжірибе алу орны [1, 390]. Ыбырайдың педагогикалық мұрасы – мұғалімдер қауымы үшін өзінше бір мектеп, нағыз ұстаз болып қалыптасу мектебі.

Ыбырай бабамыз- қазақ жерінде алғаш рет білім әлеміне бет бұрып, тыңнан түрен сала білген жаңашыл тұлға. Елімізде жаңа үлгідегі мектептер ашып, сол мектептер үшін оқулықтар жазды. Тіпті оқушылар пайдаланатын оқу құралдарын да өзі таңдап, сарапшы рөлін де атқарды. Ол өмір сүріп,

қызмет еткен кездегі қоғамдық сана деңгейін қазіргі кезеңмен салыстыруға келмейді, әрине. Соған қарамастан, болашақ ағартушы-педагог жаратылысы, құлшынысы бөлек жан екенін танытып, заманынан оза қимылдайтын дарабоз, бастамашыл тұлға деңгейіне көтерілді. Білім саласындағы ізашар тұлғаның жанқиярлық қызметін бүгінде бүкіл Ұлы Дала елі біледі, құрмет тұтады. Ыбырай алыстаған сайын іріленіп, қандай құрмет-қошеметке болсын лайық екені айқындала түсуде. Жоқтан бар жасаған, табанды, қайсар қазақ перзентінің ерекшелігі: айтып қана, жазып қана қоймай, халық мүддесі жолында ұлы мақсаттар қоя отырып, жүзеге асыра білді. Ол «...дамудың, өркениеттің алтын діңгегі – Білім өлеміне қазақ сахарасында тыңнан жол салып, «ұстаздардың ұстазы» атанды» [2, 25].

Менің байқауымша, екіншіше қарай, көпшілік мұғалімдер Ыбырайдың ұстаздық мектебіне жүгіне бермейді. Бұған бір ғана дәйек келтірсем, түсінікті болар. Өткен оқу жылында колледжде «Ыбырайтану» курсы жүргізуді бастадым. 9-сыныпты бітіріп, оқуға түскен бірінші курс студенттерінен алғашқы сабақта «Алтынсарин туралы кім не біледі?» деген сұрағыма, ең болмаса «педагог» деген жауап ести алмай қынжылдым. Демек, мектепте мұғалімдер Ы.Алтынсарин туралы айта қоймайды. Өкінішті-ақ. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, мұғалім мамандығын мәртебелі етудің ілкімді қадамдары жасалып жатқаны мәлім. Педагог мәртебесі тек жалақының өсуімен көтерілмейді. Нағыз ұстаз атану үшін, ол тек өз пәнін меңгеріп қана қоймай, жан-жақты білімді, кәсіби білікті маман, қоғамдық белсенді азамат болуы шарт. Ұлағатты ұстаз болудың бір шарты- Ыбырай мектебінен өтіп, тағылымынан нәр алу, лайықты ізбасары болуға ұмтылу.

Оның педагогикалық мұрасы – мұғалімдер қауымы үшін ескірмейтін, ерекше бір мектеп, себебі Ыбырай ұстанған қағидалар, оның ой-пікірлері, идеялары өміршең, қашанда өзекті. Ыбырай мектебінен сабақ алған мұғалім кәсіби тұрғыдан кемелденіп, нағыз ұстаз болып қалыптасу жолынан өтеді. Ыбырайдың тәжірибесінен тәлім алып, оның ағартушылық-педагогтік мұрасын зерделеген, өнегесін бойына дарытып, лайықты ізбасары болуға талпынған педагогтің еңбегі зая кетпесі анық. Бұған өз тәжірибемнен көз жеткіздім. Ыбырай тағылымынан нәр ала отырып, кезінде ол ұстанған «өмір бойы оқып-үйрену, ізденісте болу» қағидасын басшылыққа алудың арқасында жетістіктерге жетіп, еңбегім еленіп, 2011 жылы Ы.Алтынсарин медалімен марапатталғанымды айтып өтсем, артық болмас.

Ыбырай тағылымы демекші, ұзақ жылдар бойғы қызметімде негізінен орыс тілді білім алушылармен жұмыс істей жүріп, кезінде Ыбырайдың бір ауыз орысша білмейтін қазақ балаларына орыс тілін қалай меңгерткеніне ден қойдым. Мені орыс тілі мұғалімі ретіндегі Алтынсариннің әдістемесі қызықтырып, оның әлі күнге дейінгі өзектілігі тәнті етті. Бұл турасындағы мақалам «Ы.Алтынсарин тәжірибесі» деген тақырыппен «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналында жарық көрген еді (№2, 2005). Кейін «Ы.Алтынсарин және қазіргі әдістеме: тілді оқытудағы сабақтастық» деген материалым басылып шықты.

Әлі күнге Ы.Алтынсаринге арналған конференцияларға, түрлі басқосуларға қатысып, ұлт ұстазы мұрасын насихаттауға қолдан келер үлесімді қосып келемін. Айталық, 2020-2021 оқу жылының өзінде ғана колледішілік педоқулардан өзге, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай педагогикалық университеті өткізген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға, Шымкент қаласының Білім басқармасы ұйымдастырған республикалық конференцияға, Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейі, Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана ұйымдастырған бірнеше басқосуларға, телехабарларға қатыстым.

Лингводидактика іліміне сүйенер болсақ, екінші тіл ретінде оқытылатын пәндер бойынша білім берудің ұқсас жақтары көп. Бұл жөнінде осы таяуда ғана Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының саунамасына педколледж атынан орыс тілді мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тілін оқытуға қатысты өз пікір, ұсыныстарымды жазып жібердім. Осы орайда ой-тұжырымдарымды Алтынсарин әдістемесінің тиімді тұстарымен түйіндегенімді айтып өткенім жөн болар. Қазақ тілін өзге ұлт балаларына оқыту мәселесінің күн тәртібінен түспей тұрғаны ащы да болса шындық. Екінші тілді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін бір өзі тайға таңба басқандай жазып кеткен Ыбырайды еске ала отырып, бүгінде бәріміз жабылып, мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын қазақ тілін үйретудің тиімді әдістемесін жасауға пәрменсіз болып отырғанымызды айтпасқа болмас. Бұл турасында мерзімді басылым беттерінде жазылып та жүр. Амалдары да айтылуда. Мәселен, белгілі қаламгер, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Мереке Құлкеновтің **«Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту бағдарламасын қайта жазу керек»** деген жанайқайы тіл мамандарына, қазақ тілі мұғалімдеріне ой салар болса, кәнеки [4, 1-3].

Туған халқын «Өнер-білім бар жұрттар» қатарына қосылуға үндеген Ыбырай бабамыз көрші қонған орыс халқының білімі мен ғылымын үйренуін қош көрді. Өзге де қазақ ағартушылары алға басудың алғы шарты орыс тілін үйрену деп санады. Бұл турасында досы әрі ұстазы Н.И.Ильминскийдің: «Алтынсарин ақылды, адал әрі сымбатты адам ретінде өзінің жеке басының қасиеттерімен мейлінше тамаша кісі болды. Мен онымен 1859 жылғы қараша айынан бері, отыз жыл бойы таныс болдым; оны жыға білуімнің көптеген жағдаяттары болды, соның бәрінде қандай да бір одан жамандық қасиетті бірде-бір рет байқаған емеспін. Мен ұдайы оған шын ықыласты ниетте болдым, мен оның бойындағы орыс біліміне деген ықыласты ынтызарлықты және осы білімнің қазақтар үшін қажеттілігі туралы ой құшағында болуын ерекше бағаладым» деп жазғаны бар [3, 56].

Ыбырай қазақтың жас ұрпағы орыстың тілі мен жазуына мәдениет пен білімнің тілі деп қарайтын болады деп пайымдады. Өзі де қазақ балаларына орыс тілін оқыта жүріп, осынау екінші тілді меңгертуге арналған «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралын» жазды. Балаларға жаңа бір тілді үйретудің нәтижелілігі мұғалімнің әдіскерлік шеберлігіне байланысты екенін былайша түйіндеді: **«Қазақ балаларына орыс тілін оқытудың ойдағыдай жүруі оқытушылардың жеке бастарының қабілеттілігіне ғана байланысты. Сондықтан қазір қазақтарға білім енді беріле бастаған кезде, ең әуелі қабілетті оқытушылар болуы керек»**. Тамаша әдіскер де бола білген Алтынсариннің бұл пікірінің өзектілігін орыс тілді дәрісханаларда сабақ жүргізетін қазақ тілі пәнінің оқытушысы ретінде өзім де мойындаймын.

Тағы да қайталап айтар болсақ, Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы – педагогтер үшін мәңгілік өшпес құндылық. Неге десеңіз, қазіргі оқу-тәрбие ісіндегі негізгі бағыттар Ыбырай мұрасындағы құндылықтардың заманға сай жалғасы, жаңаша сипаты десек, жаңылыспағанымыз. Оның қазіргі заманмен үндес, сабақтас тұжырымдарының бірерін ғана атап өтсек, айтпағымыз айқындала түспек:

- «Сағат сайынғы менің мақсатым- қоршаған шындықтағы өз ойым мен танымымды кеңейту»;
- «Мені оқу-ағарту ісі тартады да тұрады, оны жан-тәніммен сүйемін»;
- «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай кірістім»;
- «Шәкірттерімнің адамгершілігіне де ықпал жасау үшін, келешекте олардың парақор болып шықпаулары үшін, бар күшімді салып әрекет етудемін»;
- «Мұғалім- мектептің жүрегі»;
- «Жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен де қымбат көремін»;
- «Оқытушыларды бағалағанда, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау қажет»;
- «Мектептерде жақсы білім берілетін болсын; осылай еткенде ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады»
- «Қалай болса солай оқытуға болмайды» және т.б.

Ол нағыз ұстаздың қандай болуы керектігін өз ісімен, өсиет, мұрасымен көрсетіп, жол сілтеп кетті. Өміршең де өзекті пікірлерімен, идеяларымен қазақ педагогикасының негізін қалады. Ұстаздық тәжірибесімен бөлісіп, авторлық мектебінің негізін қалады. Ыбырай ұлағаты, оның мектебі мәңгілікке жол тартты. Неге десеңіз, Ыбырай жан-тәнімен сүйген мәртебелі мамандық иелері – қазіргі мұғалімдер – оның педагогикалық идеяларын, тәжірибесін жаңғыртып, жаңаша сипатта жалғастыруда.

Ыбырайдың «Жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен қымбат көремін» деуінің астарында бүгінгі күннің шындығы жатыр. Ұлт ұстазының көрегендігі, данышпандығы таңғалдырады. Неге десеңіз, туған Отанымыз-Қазақстанның қуатты, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналуы адами капиталымыздың сапалық дегейіне байланысты. Ел болашағы – жастарымыздың білімді де білікті, саналы болып қалыптасуы ұстаздарымызға үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекетіміз үздік педагогтерді ерекше бағалайды.

Инспектор Алтынсарин де кезінде жақсы мұғалімдерге құрметпен қараған. Ол Орск қаласында мұғалімдер даярлайтын мектеп ашып, бұл турасында В.В.Катаринскийге былай деп жазады: **«Оқытушылар мектебінде оқушыларымыз белгілі бір білім алып, қазақ халқының тұрмысына, шындығында да, пайдалы болған болар еді. Қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар болар еді»** [3,191]. Осы сөздерінен-ақ Ыбырайдың халық сапасын көтеретін оқытушыларға, олардың ішінде жақсы мұғалімдерге зор үміт артқанын көреміз. Бұған дәлел: Ы.Алтынсарин жазған хаттарының біршамасы А.Мозохин, Ф.Соколов сынды беделі жоғары мұғалімдерге арналған.

Ыбырай бабамыз әспеттеген үздік педагогтер қатарын көбейту, сол арқылы бәсекеге қабілетті адами капиталымызды қалыптастыру, педагог мәртебесін көтеру мақсатында, алдағы уақытта келесі ұсыныстарыма назар аударылса:

- еңбек жолын бастамақшы жас мамандар Ы.Алтынсарин туралы эссе жазса;
- мектеп оқушылары арасында Ыбырай оқуларын өткізу дәстүрге айналса;
- Алтынсарин медалімен өзге жетістіктерімен қатар, ұлы ағартушы-педагог мұрасын зерделеп, насихаттаушы педагогтер марапатталса.

Ыбырайдың ұстаздық мектебінен сабақ ала отырып, заман талаптарына сай қызмет ету әр педагог үшін кәсіби әлеуетін, мамандық мәртебесін көтеруге мүмкіндік бермек. Олай болса, Алтынсаринге қарап ой түзеу -қазіргі педагогтер ұстанымына айналса игі

Әдебиеттер тізімі

1. **Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі**, Алматы, 2008, 390-бет .
2. **Б.Сүйінкина**. Ы.Алтынсарин-кәсіптік білімнің негізін салушы.2017, Қостанай, 25-бет.
3. **Ы.Алтынсарин**. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы, 1991, 56-бет.
4. **Мереке Құлкенов**. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту бағдарламасын қайта жазу керек. (Ана тілі, №24, 17-23 маусым 2021 жыл, 1-бет).